

Тақырыбы: «Берекелі Алтын күз»

Мақсаты: Күз мезгілінің ерекшеліктерін ұғындыру. Күз өнімдерімен таныстыру, олардың ағзаға пайдасын түсіндіру. Мерекелік көңіл-күй орнату. Балаларды ән салуға, би билеуге, түрлі іс-әрекеттерге тарту, бейімділігін арттыру. Шығармашылық ой-қиялдарының дамуына ықпал ету. Ата-аналар қауымымен тығыз қарым-қатынас қалыптастыру.

Барысы: Зал мерекеге сай безендірілген.

Жүргізуші: Қуаныштың ағайын

Қоңырауын қағайын

Қуандырып біздерді

Өлкемізге күз келді

Өлкемізге күз келді

Құрметті қонақтар! Құрметті ата-аналар! «Берекелі Алтын күз» мерекесіне, қош келдініңіздер! Залға музыка әуенімен балалар кіреді.

Ән: «Алтын күз»

Мариям: Мүлгиді сай- саламыз

Біздің жомарт даламыз

Дәнің жинап алған соң

Жатыр үнсіз сары аңыз

Ызғарлы жел қатайды

Мұны күз деп атайды

Айсұлтан: жердің көркі қашады

Таулардан бұлт асады

Қайтып күннің қызуы

Шөпті қырау басады

Аппақ мақта үлпілдеп

Қанарларда жатады

Қуанысып жұрт гулеп

Сан қызыққа батады

Айару: Күзде дала жаурайды

Көкте бұлттар аунайды

Бұтағынан үзіліп

Жапырақтар саулайды

Алқаптан бидайды

Қоймаға ел жинайды

Тырнасы тізілген

Ұнатамын күзді мен

Жүргізуші: Балалар қазір бізде қай мезгіл,

Күз мезгілінің неше айы бар екен?

Күз айларын кім атап шығады?

Музыка әуенімен ортаға **Күз ханшайымы** келеді

Күз ханшайымы:

Сәлем менің достарым,

Өмірге көп қосқаным

Күз сыйлығын алыңдар

Сыйлығына қаныңдар

Молшылыққа кенеліп

Шаттық әнге салыңдар

Жүргізуші: Сәлеметсіз бе, Күз ханшайымы! Қош келдіңіз! Балалардың өнерін тамашалаңыз.

Күз ханшайымы: Балалар менімен бірге ойынсыздар ма?

Ойын: «Жапырақ теру» ойын шарты шалшық суды баспай жапырақ теру

Аян:Күздін қазан айында

Алма, алмұрт піседі

Жапырақтар сарғайып

Сыбдыр-сыбдыр етеді

Райана: Күз айлары тамаша

Сабан тойы жараса

Жемісін мол сыйлаған

Қыркүйек Қазан , Қараша

Бауыржан: көрсен егер бақшада

Доп екен деп қалма

Шөл қандырар қарбызбын

Ерте үзіп алма

Күз ханшайымы: Балалар ортамызда менің достарым жемістер мен көкіністер барекен ,би билеп көңілімізді.

Жүргізуші: би «Көкіністер»

Жүргізуші: Күз ханшайымы біздің балалар күз туралы әдемі тақпақтар біледі екен соларды тыңдайық

Айзере: Қарашы, күз келді

Жапырақ жауыпты іздерді

Құс бұлт қабағын түйеді

Нұрали: Қуандырып біздерді

Мерекелі күз келді

Кел, жемісті алтын күз

Кемелденсің халқымыз

Алтынға бояп өңірді

Күзде келді көңілді

Бау-бақшада орманда

Сары жапырақ төгілді

С.Мүсілім: қуалап допша ойнаса

Қабығы тіпті қатты екен

Қазанға түсіп қайнаса

Тілді үйірген тәтті екен

Амина:Жел тынымсыз гүлдеп

Болып кетті тым бұзық

Шуылдайды тал терек

Жапырағын жұлғызып

Көк майсалы көрікті

Алқаптағы көпегін

Бұл күндері киіпті

Сары жібек көйлегін

К.Ясмина: Сап –сары ғып даланы

Боятты ғой күз деген

Құстар қанат қағады

Қоштасқандай бізбенен

Жүргізуші: Күздің тойын тойлайық

Би билейік, ойнайық. – деп биші қыздарымызды ортаға шақырамыз,

Би: «Радуга»

Жүргізуші: Күз ханшайымы шаршап кеткен боларсыз, балалармен бірге ойын ойнаңыз Ойын «Себетті толтыру»

ойын шарты; (әр шолақшамен өтіп себетке жемістермен көкіністерді әр себетке толтыру)

Маржан: *Талшыбығым бұралып*

Бақшаларда қызарып

Тұрған ол мен- қызанақ

Күнге қарапұялып

Ерасыл: *көктеп ерте шырмалып*

Өсемін мен бұр жарып

Атым қияр теріп ал

Жиі-жиі суарып

Сержан: *мен алмамын алмамын*

Таңдай татар бал дәмін

Мына тәтті бал -дәмді

Дастархандарыңа арнадым

Айдана: *мен шиемін шиемін*

Күннің көзін сүйемін

Қышқыл шырын менде бар

Төмен басты иемін

Арсен: *астық – жеміс жиылды*

Қамбамызға құйылды

Ардақты күз мың алғыс

Алдық өнім сыйыңды

Ұ.Мүсілім: *Асханадан шықпаймын*

Атым пияз бұқпаймын

Көзден жасты шығарып

Тұмаудан бірақ сақтаймын

Байбек: *Ақ түсім бар қант алар*

Қызыл түсім қанға –нәр

Зияным жоқ, біліп қой

Қызылшамын пайдам бар

Бейбарыс: *Картоп біздің атымыз*

Жер астында жатырмыз

бір тамырдан тараған

Ағайынбыз бәріміз

Ясина: *Берекесін сыйлауға*

Өлкемізге күз келді

Жемістерін жинауға

Шақырады біздерді

Әлинұр: *Нұрға бөлеп өмірді*

Жырға бөлеп көңілді

Жарқыраған сәулелі

Күз әуені төгілді

Бекзат: *Қамба толды астыққа*

Алғыс саған алтын күз

Бір уыс дәң шаштық та

Қап-қап қауын алдық біз

Жүргізуші: *Ән салыңдар күліңдер*

Жайнап гүлдей жүріңдер деп балалардың орындауында

Ән: «Қоңыр күз»

Жүргізуші: 2022жыл-«Бала жылына» орай Мұғалжар аудандық оқушылар шығармашылығындамыту орталығының ұйымдастыруыменөткен дәстүрлі «Кішкетай Ханзада мен Ханшайым-2022» аудандық байқауында Бас жүлдеге ие болған Қуанбай Аминаны ортаға шақырамыз

Жүргізуші: Бүгін мейрам, бүгін той

Қуаныш күн, біліп қой

Күзгі бақта сыңғырлап

Алақанды ұрып қой - деп Ата аналармен ойын «Сиқырлы қасықтар»

Жүргізуші: 2022жыл-«Бала жылына» орай Мұғалжар аудандық оқушылар шығармашылығындамыту орталығының ұйымдастыруыменөткен дәстүрлі «Кішкетай Ханзада мен Ханшайым-2022» аудандық байқауында «Алғыс хат» пен марапатталған Көшер Нұралиді ортаға шақырамыз

Жүргізуші: Жемісі мол теретін

Күз дос екен бізбенен

Бәрін тауып беретін

Жомарт екен күз деген

Осымен «Айгөлек» тобының «Берекелі Алтын күз» атты ертеңгіліміз аяқталды. Күзге айтарымыз берер сыйы жылдан жылға көп болсын. Елімізде тыныштық, жұртымыз аман болсын, сау болыңыздар.